

ҰСТАЗЫМ



Халқымыздың ғасырлар бойы қастерлеп келе жатқан қасиетті қазынасының бірі – ән. Ел басына нелер ауыр күн туған күнде де халық өзінің әнін ұмытпаған. Қайта оны аялап, ардақ тұтқан. Ән жүдеген жүректерге — жұбаныш, сүрінгенге – сүйеніш болған.

Осындайлық қадір-қасиеті мол әнді сүйген халық оның шебер орындаушыларын да ардақтап, аялай білген. Өзінің табиғи талантымен халықтың сондай сүйіспеншілігіне бөленген сүйікті әншілеріміздің бірі –

СССР халық әртісі Күләш Байсейітова.

Күләш қазір тірі болса, бәріміздің жанымызды әсем әнімен әлдилеп, жарқылдап ортамызда жүрер еді. Өттең, амал не, мейірімсіз ажал үлкен талант иесін арамыздан тым ерте алып кетті. Бірақ бір жұбаныш: халықпен бірге жасайтын Күләштің жарқын өнері қалды. Оның орындаушылық шеберлігі қазіргі белгілі әншілеріміздің өзін соны биіктерге шақыратын соншалықты қасиетті мұра.

Әркімнің де есінде ұзақ сақталатын қымбатты, қимас бір шақтары болады. Мен өз өмірімдегі сондай өзгеше бір ыстық сәтті Күләшпен дидарласқан, сырласқан кездерім деп ескеремін. Май айының маужыраған әдемі күндерінің бірінде Күләш мені өзінің үйіне шақырды. Ол мені әлі танымаған кезім еді. Ән айтуға деген талабы бар жасқа ерекше ілтипатпен қарайтын Күләш маған көп уақытын бөліп, бірнеше ән салғызды. Мен алғашында қысылып, қымтырылсам да, Күләштің мейірімді жүзі мен жылы сөзінен кейін оған бойым үйреніп, соңғы әндерімді ерекше бір шабытпен шырқадым. Күләш кейбір әндерді қайта салғызып, ара-кідік өзі де қосылып отырды.

Кейінірек мен Күләш қатынасқан «Қыз Жібек» операсында Қарлығаштың рөлін орындадым. Сол бір өзім жас, тәжірибем аз кезде, әйгілі әнші маған әрдайым қол ұшын созып, көп көмек көрсететін еді.

«Қазақ өнерінің 1936 жылғы Мәскеуде өткізілген онкүндігіне қатынасқан оншілерден қазір опера театрында мен ғана қалдым. Қалғандары одан кейін өсіп-жетілген өнерпаздар. Бұл театр ұжымының шығармашылық өсу жолында екенін көрсетеді».

Бұл сөздерді Күләш «Қазақ әдебиеті» газетінің 1957 жылғы жаңа жылдық санында жариялаған мақаласында жазып еді. Бұл Күләштің жаңа қанаттанып, жақсы өсіп келе жатқан жас өнерпаздар тобына деген қуанышы мен

ілтпатының бір белгісі еді. Содан бері де арада бірсыпыра уақыт өтті. Біз, Күләштің шәкірттері, ұстаз сенімін ақтауға тырысып, ізденіс үстінде жүрміз.

И.С. Тургенев бұдан көп уақыт бұрын: – «Дүниеде жақсы нәрселер көп қой, бәрін де қимаймын, әсіресе, бәрінен бұрын оны қимаймын», – деп жазған екен. Ұлы жазушының осы сезімі әнді сүйген бар халыққа ортақ. Ендеше әнді сүйген адам оның шебер орындаушысына да сүйсінеді. Күләш біздің сондай сүйіктіміз еді. Ұстаз бейнесі ешқашан ұмытылмайды. Ол өзінің қайталанбас, дара дауысымен, ұмытылмас үнімен әркез бізбен бірге.

*«Қазақ әдебиеті». – 1972. – 24 қараша*